



Әулікөл аудандық кітапханасы

Әдістеме – библиографиялық бөлімі

Ауликольская районная библиотека

Методико – библиографический отдел

Жаңа кітаптар



Әшімұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 1: Майраның әні /А.Әшімұлы. – Алматы: ARNA-B, 2014. – 248 б.

Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының иегері, есімі барша жұтқа мәшһүр Асанәлі Әшімұлының көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына өмірден мезгілсіз озған жар рухымен сырласу ретінде жазылған «Майраның әні» атты кітабы енгізілді.



Әшімұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 2: Жан бөлек /А.Әшімұлы. – Алматы: ARNA-B, 2014. - 254 б.


Аса көрнекті өнер қайраткері, әйгілі әртіс Асанәлі Әшімұлының сүйікті жары мен сүйкімді ұлдары – Мәди, Сағилардың рухтарына арнап, еміріне жазған естеліктері бірер жыл бұрын «...Жан бөлек» кітабы арқылы оқырманға жол тартқан. Автор өзіне қымбат жандармен сырласып, олардың рухтарынан күш-құат, тірек іздейді.




Мұқанова Р. Шығармалары [Мәтін]. Т.1: Әңгімелер, драмалар, сұхбаттар. /Р. Мұқанова. - Алматы: Арда +7 , 2014 . – 320 б.

Жазушы-драматург екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына әр жылдары жазылған әңгімелері мен драмалық хикаяттары енгізілді

Сәдуақас Т. Шығармалар жинағы [Мәтін]. Т.1 / Т. Сәдуақас . – Алматы: Сораба қоғамдық қоры, 2014. – 384 б.




Осы шығармалар жинағының 1- томына бұрын жарық көрген және жаңадан жазылған өлең-жырлары, аңыз- хикаялары мен жыр – дастандары топтастырылған.




Стамбекұлы Д. Бір тамшы ғұмыр [Мәтін]: Өлеңдер /Д. Стамбекұлы. – Алматы: Сөздік-Словарь , 2014. – 240 б.

Дәуітәлі Стамбекұлының таңдамалы кітабына жырлары мен «Өлең-өмір» атты поэма-элегиясы кіргізіліп отыр.

Есдәулет Ұ. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 1: Қаңырау /Ұ. Есдәулет. – Алматы: Қазығұрт , 2014. – 392 б.




Көрнекті ақынның үш томдық шығармалар жинағының бірінші томына іріктелген тырнақалды туындыларына қоса таңдаулы лирикасы мен ақ өлеңдері, верлибрлері, балладалары мен поэмалары, сонымен қатар, соңғы он бес жылдың жүзінде жазылып, мерзімдік баспаөзде жарияланғанымен әлі жеке кітап болып жарық көрмеген топтама жырлары енгізілді.



Есдәулет Ұ. Үш томдық шығармалар жинағы. [Мәтін]. Т.2: Киіз кітап /Ұ. Есдәулет. – Алматы: Қазығұрт , - 2014. – 384 б.

Көрнекті ақынның үш томдық шығармалар жинағының екінші томына оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленген «Киіз кітаптың» толықтырылған нұсқасы енгізілді. Кітапта ақынның 1988-2000 жылдары жазылған ел мен жер, заман мен қоғам, табиғат пен махаббат туралы лирикалық, әлеуметтік-философиялық жыр-толғамдары топтастырылған.

Есдәулет Ұ. Үш томдық шығармалар жинағы. [Мәтін]. Т.3: Әбілхаят мен еркін баяндаулар /Ұ. Есдәулет. – Алматы: Қазығұрт , 2014 . – 392 бет.



Көрнекті ақын,Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулеттің «Әбілхаят» атты кітабына әр жылдары жазған эсселері, естеліктері, жолжазбалары және бірқатар тарихи ұлы тұлғалардың ғұмырларының беймәлім қырларын ашатын, қиын да қызықты тағдыр-талайынан сыр шертетін деректерге бай еркін баяндаулары топтастырылды.




Иманасов С. Екі томдық шығармалар жинағы. [Мәтін].
Т.1:Өлеңдер/ С. Иманасов. – Алматы: Алатау , 2014. – 384 б.

Қазақтың көрнекті ақыны Сәкен Иманасовтың таңдамалы жыр жинағының бірінші томына оның ақындық белестегі айшықты өлеңдері енді.

Иманасов С. Екі томдық шығармалар жинағы.
[Мәтін].Т.2:Өлеңдер/ С.Иманасов. – Алматы: Алатау ,
2014. – 384 б.




Қазақтың көрнекті ақыны Сәкен Иманасовтың таңдамалы жыр жинағының екінші томына оның ежелден елге танылған өлеңдері енді.



Әбдуәли Қ. Ғылымдағы ғұмыр. [Мәтін]. Т.1: Мақалалар,
баяндамалар жинағы / Қ.Әбдуәли Алматы: Сардар , 2014.- 520 б.

Бұл кітапқа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы Әбдуәли Қайдардың әр жылдары газет, журнал беттерінде жарияланған жалпы лексикология саласындағы, оның үйірлі тараулары – сөзтану және түбіртану, ономастика, этимология, этнонимика, терминология және тарихи лексикология салаларына арналған мақалаларының таңдаулылары топтастырылған.

Әбдуәли Қ. Ғылымдағы ғұмыр[Мәтін]. Т.2:
Мақалалар, баяндамалар жинағы /Қ.Әбдуәлі. –
Алматы: Сардар , -2014.- 512 б.




Жинаққа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы Әбдуәли Қайдардың әр жылдары газет, журнал беттерінде жарық көрген мемлекеттік тіл, көп ұлтты Қазақстан жағдайындағы қазақ және орыс тілдерінің қызметі, тіл білімі тарихы, тіл құрылысына арналған ғылыми мақалалары мен баяндамалары алғаш рет топтастырылып беріліп отыр.

Әбдуәли Қ. Ғылымдағы ғұмыр[Мәтін]. Т.3: Мақалалар,
жинағы –/Қ. Әбдуәлі. -Алматы: Сардар , 2014. - 512б.


Жинаққа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы Әбдуәли Қайдардың әр жылдары газет, журнал беттерінде жарияланған ғылыми мақалалар топтамасы берілді.

Әбдуәли Қ.. Ғылымдағы ғұмыр[Мәтін]. Т.4: Мақалалар, баяндамалар жинағы – /Қ.Әбдуәлі. -Алматы: Сардар , 2014. -520 б.

Жинаққа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы Әбдуәли Қайдардың әр жылдары газет, журнал беттерінде жарияланған ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, ғылымдағы ғұмырына арналған зерттеулері мен ғалымның еңбектеріне берілген тілші-ғалымдардың пікірлері мен Әбдуәли Қайдардың биік тұлғасын айқындайтын мақалалар топтамасы берілді.




Әбдуәли Қ. Ғылымдағы ғұмыр [Мәтін]. Т.5: Қазақ тіліндегі имитативтер –/Қ.Әбдуәлі.- Алматы: Сардар, 2014. -304 б.



Монография қазақ тілі деректері негізінде ым-ишара тілінен кейінгі дәуірлерде алғашқы сөз қоры ретінде қалыптасып, фоно-морфосемантикалық бір жүйеге үйесіп, болмыстағы ұғым-түсініктерді жай ғана емес, эмоциональды-экспрессивті тұрғыдан бейнелейтін жүздеген, тіпті мыңдаған туынды тұлғаларға негіз болып, жалпы тілдің дамуына қомақты үлес қосқан имитатив құбылысын, оның тілдік табиғатын танып-білуге арналған.

Әбдуәли Қ.. Ғылымдағы ғұмыр. [Мәтін]. Т.6: Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері/Қ.Әбдуәлі. – Алматы: Сардар, 2014.-256 б.

Бұл кітапта «Қазақ этимологиялық сөздігін» жасауға болатын этимологиялық зерттеулердің ғылыми-әдістемелік негіздері, мақсаты мен міндеттері, әдістері мен принциптері көрсетілген. Қазақ тіл біліміндегі ғылыми зерттеулердің ғылыми-тәжірибелік нәтижелері жинақталған.



Кітапханаға келіңіздір, көріңіздер, оқыңыздар!

Құрастырушы Г. Сәлімова – Әулікөл орталық кітапханавсының аға библиографы